

«2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» облыс әкімдігінің есебі

ҚР Бюджет Кодексінің 129 бабына сәйкес «2020 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы туралы» жылдық есепті ұсынамыз.

Облыстық бюджетті атқару процесінде бюджеттік заңнаманың нормаларына сәйкес облыстық бюджеттік бағдарламалардың әртүрлі әкімшілері арасында бөлінетін бюджеттік бағдарламалардың қаражатын бөлу салдарынан облыстық бюджеттің көрсеткіштеріне түзету жүзеге асырылды. Облыстық бюджетке жүргізілген түзетулерді ескере отырып, түзетілген облыстық бюджет қалыптастырылды.

2020 жылға түзетілген облыстық бюджеттің орындалуы осы талдамалы есеппен ұсынылады.

2020 жылы облыстық бюджеттің түсімдері бойынша **235 324,3** млн.теңгеге жоспарланып, нақты **247 733,3** млн.теңге түсім түсті немесе жоспар **105,3%**-ға орындалды. 2019 жылмен салыстырғанда 2020 облыстық бюджеттің кірістері республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер есебінен **51 629,9** млн.теңгеге немесе 26,3%-ға өсті.

Кірістердің жалпы сомасының **39 153,6** млн.теңгесін немесе 15,8%-н салықтық түсімдер, **4 409,8** млн.теңгесін немесе 1,8%-н салықтық емес түсімдер, **272,2** млн.теңгесін 0,1%-н негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, **203 897,9** млн.теңге немесе 82,3%-н трансферттер түсімі құрайды.

2020 жылы салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер және трансферттер сәйкесінше 140,4%, 152,4%, 175,0% и 99,8%-ға орындалды. Мұғалжар ауданының кірістер бөлігінің орындалмауы салдарынан облыстық бюджеттің бюджеттік алып қоюлар, яғни трансферттері 500,0 млн.теңгеге орындалмады.

Кірістер түсімдерінің жалпы сомасында ең көп үлесін (82,3%) республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер – **199 235,6** млн.теңге құрайды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда **56 387,1** млн.теңгеге артық. Бұл республикалық бюджеттен шағын және орта бизнес субъектілерінің салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге 6 852,1 млн.теңге, ҚР Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен жеке қорғаныс құралдарын және өкпені жасанды желдету аппараттарын, оқушыларды қашықтықтан оқыту үшін компьютерлік техниканы сатып алуға 3 654,2 млн.теңге, орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға 1 646,1 млн.теңге, "Жас маман" жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға - 1 290,5 млн.теңге, стипендия мөлшерін ұлғайтуға - 389,2 млн.теңге, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларын жоғары білімі

бар мамандарды даярлауға 102,3 млн.теңге, санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге – 188,7 млн.теңге, білім беру, спорт, мәдениет, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салалары жұмыскерлерінің еңбек ақысын көтеруге - 10 800,4 млн.теңге, мүгедектерді әлеуметтік қорғауға – 487,5 млн.теңге, қызмет атқарудың ерекше режимі кезеңіндегі жұмысы үшін ішкі істер органдары қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге - 286,5 млн.теңге, ауылшаруашылығы саласын субсидиялауға 2 259,8 млн.теңге, Жұмыспен қамтудың жол картасы мемлекеттік бағдарламасы аясында шараларды жүзеге асыруға 11 578,7 млн.теңге, 2020 жылға дейін аумақтарды дамыту бағдарламасына – 2 713,4 млн.теңге, «Ауыл–Ел бесігі» бағдарламасына - 2 759,8 млн.теңге, «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасына - 1 754,8 млн.теңге, «Еңбек» бағдарламасына - 1 025,4 млн.теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға – 6 413,0 млн.теңге, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге 485,4 млн.теңге, аз қамтылған көп балалы отбасылар үшін тұрғын үй сатып алуға – 451,8 млн.теңге қосымша бөлінуімен түсіндіріледі.

2020 жылы облыстық бюджеттің **шығыс бөлігі** бекітілген бюджетпен (238 289,3 млн.тенге) салыстырғанда **56 394,0** млн.теңгеге немесе 23,7%-ға ұлғайып, **294 683,3** млн.теңгені құрады. Облыстық бюджет жыл ішінде 6 (алты) рет нақтыланды.

Нақты шығыстар **294 618,5** млн.теңгені құрады немесе түзетілген жоспар 100%-ға орындалды, бұл 2019 жылмен салыстырғанда **77 306,0** млн.теңгеге немесе 35,6%-ға көбейді.

Шығысдар құрылымында айтарлықтай үлесті шығындар (82,8%) алады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда **53 564,7** млн.теңгеге (28,1%) ұлғайып, **243 879,7** млн.теңгені құрады.

2020 жылы облыстық бюджеттің шығындары 29 мемлекеттік мекемелермен әкімшіленетін 221 бюджеттік бағдарлама бойынша 16 функционалдық топ бөлінісінде жүзеге асырылды.

Түзетілген бюджеттің жоспарлы шығындары бекітілген бюджетпен салыстырғанда **17 024,3** млн.теңгеге ұлғайып, **243 879,7** млн.теңгені құрады.

Функционалдық топ бөлінісінде шығыстардың үлкен үлесін келесілер құрайды:білім беру – 20,9 %, трансферттер – 19,1%,әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру – 12,6%,ауыл, су, орман, балық шаруашылығы – 9,3%, көлік и коммуникация – 6,3%, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 6,2%, денсаулық сақтау – 5,7%,өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі – 5,2%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік – 3,9%, қарыздарды өтеу - 3,4%, өзгелер – 2,9%.

2020 жылдың қорытындысы бойынша **64,8** млн.теңге игерілмеді, оның ішінде ҚР Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен жеке қорғаныс құралдарын алуға (денсаулық сақтау басқармасы) бөлінген қаражаттың жеткізушінің келісім шартқа сәйкес міндеттемелерін орындамауына байланысты 40,9 млн.теңге (шарт мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 26.11.2020 ж. шешімі бойынша бұзылды, шешім 26.12.2020 ж. күшіне енді), мемлекеттік сатып алу басқармасымен қаржылық бақылау органдарының тексеру нәтижелері бойынша шоттардың бұғатталуына байланысты 7,5 млн.теңге игерілмеді.

2020 жылғы облыстық бюджетті нақтылау және түзету кезінде бюджеттік кредит көлемі бекітілген бюджеттен 34 930,0 млн.теңгеге ұлғайып, **40 750,8** млн.теңгені құрады. Нақты бөлінген **40 750,8** млн.теңге бюджеттік кредиттер толық игерілді (100%). Бюджеттік кредиттер көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 27 949,2 млн.теңгеге (218,3%) көбейді.

2020 жылы бюджеттік кредиттер 7бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 11 бюджеттік бағдарламасымен жүзеге асырылды.

Сондай-ақ, әкімшілер бөлінісінде бюджеттік кредиттердің жалпы сомасының ең көп үлесі жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына - 41,4%, құрылыс басқармасына – 28,9%, энергетика және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық басқармасына - 14,8%, ауыл шаруашылығы басқармасына – 9,1%, кәсіпкерлік басқармасына - 3,5% және экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына 2,3% тиесілі.

Бюджеттік кредиттеудің негізгі бағыттары болып жұмыспен қамтудың Жол картасы аясында шараларды қаржыландыру, кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамыту, мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру, облыс орталықтары мен моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу, тұрғын үйді жобалау және (немесе) салу табылады.

Есепті жылы бюджетті атқарудағы басты міндет әлеуметтік маңызы бар шығыстарды уақтылы орындау бойынша қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету болды.

2020 жылы бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы бойынша шығыстарды уақтылы және толық қаржыландыру қамтамасыз етілді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде облыстық бюджеттің шығыстары келесідей:

Облыс мәслихаты аппаратының 10 қызметкерін ұстауға **46,3** млн.теңге бөлінді және игерілді(*жалақы, салықтар, аударымдар және басқа да ағымдағы шығындар*).

Облыс әкімінің аппараты бойынша **1 201,0** млн.теңге бөлінді және **1 198,0** млн.теңге немесе 99,7% игерілді.

Облыс әкімі аппаратының ведомстволық бағыныстағы 3 мекемесі бар (облыс әкімдігінің Іс басқармасы, аумақтық қорғаныс және жұмылдыру дайындығы басқармасының бригадасы, Өңірлік коммуникациялар қызметі).

Мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны 79 бірлікті құрайды, сондай-ақ азаматтық қызметшілер мен техникалық персоналдың 216 бірлігі бар.

Шығындар мынадай мақсаттарға қарастырылған:

- әкім аппаратын, облыс әкімін іс басқармасын және өңірлік коммуникациялар қызметін ұстауға **909,3** млн. теңге сомасында;

- аумақтық қорғаныс және жұмылдыру дайындығы басқармасының бригадасы **186,3** млн. теңге;

- облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруға **4,6** млн. теңге;

- мемлекеттік органның және ведомстволық бағынысты мекемелердің күрделі шығыстарына **11,2** млн. теңге;

- әкімдерді сайлауды өткізуге **9,4** млн. теңге;

- оқу байланыс пунктін ұстауға **2,0** млн. теңге (*Мәртөк ауданы*);

- төтенше жағдайлардың алдын алуға және жоюға **23,2** млн. теңге;

- ҚР Қарулы Күштері қатарына 2000 азаматтарды мерзімді әскери қызметке сапалы және уақытылы шақыруды өткізуге **52,0** млн.теңге. Қаражат көлік қызметтеріне, әскерге шақырылушыларды тамақтандыруға және дәрі-дәрмек, кеңсе тауарларын сатып алуға бағытталды.

Облыстың қаржы басқармасы бойынша **66 647,2** млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100%. Қаражат мынадай мақсаттарға жіберілді:

- басқарма аппаратының 37 қызметкерін ұстауға - 139,5 млн.теңге (*жалақы, салықтар және басқа да ағымдағы шығындар*);

- жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге - 8 079,7 млн.теңге;

- төмен тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге - 3 524,4 млн.теңге;

- борышты өтеуге - 10 052,7 млн.теңге, оның ішінде 7 914,7 млн.теңге облигациялық қарыздар, 2 138,0 млн.теңге ЖАО кредиттерін өтеу;

- Борышқа қызмет көрсетуге - 103,4 млн.теңге;

- аудандарға субвенциялар - 39 304,0 млн.теңге;
- жалпы республикалық маңызы бар іс-шараларды өткізуге - 3 955,0 млн.теңге;
- пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтаруға - 833,4 млн.теңге;
- нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару 655,1 млн.теңге.

Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы бойынша **1 099,5** млн.теңге немесе 100%-ға игерілді, оның ішінде:

- басқарма аппаратының 47 қызметкерін ұстауға 141,3 млн.теңге (*жалақы, салықтар және басқа да ағымдағы шығындар*);
- 252 маманға әлеуметтік қолдау шараларын несиелендіруге (білім беру саласы бойынша 170, денсаулық сақтау саласы бойынша 55, мәдениет саласы бойынша 6, спорт саласы бойынша 9, агроөнеркәсіптік кешен саласы бойынша 12, мемлекеттік қызметші 1) 953,2 млн.теңге бөлінді.
- мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сараптау және бағалауға - 5,0 млн.теңге.

Облыстың ішкі саясат басқармасына 852,2 млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100%-ға орындалды, оның ішінде:

- басқарма аппаратының 22 қызметкерін ұстауға 131,3 млн.теңге (*жалақы, салықтар және басқа шығындар*);
- ведомстволық бағынысты ұйымдардың күрделі шығыстарына 7,5 млн.теңге;
- Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз етуге 159,9 млн.теңге бөлінді;
- мемлекеттік тапсырысты электрондық және баспа БАҚ арқылы іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге - 525,4 млн.теңге;
- мүгедектерді мемлекеттік әлеуметтік қорғау мақсатында "Қазақстан Ақтөбе" арнасындағы жаңалықтар телебағдарламаларын сурдоаудармамен беруді қамтамасыз етуге - 28,1 млн.теңге.

Облыстың тілдерді дамыту басқармасына 115,2 млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100%-ды құрады. Басқарма аппаратының 13 қызметкерін ұстауға 45,7 млн.теңге, мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамытуға 69,5 млн.теңге бөлінді. Қаражат "Тіл тазалығы үшін күресеміз", "Мемлекеттік тіл – менің тілім" акцияларын өткізуге, тіл және әлеуметтік саясат мәселелері бойынша талдамалық зерттеуге, "Туған өлке" ақпараттық анықтамалықтар сериясын шығаруды жалғастыруға, мемлекеттік тілді

электрондық БАҚ-та қолдануды насихаттау және танымал ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға, мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында БАҚ үшін арнайы бет шығаруға, облыстық деңгейдегі "Мемлекеттік тіл және бұқаралық ақпарат құралдары" республикалық конкурстарын өткізуге және өзге де ағымдағы шығындарға бағытталды.

Облыстың дін істері басқармасына 119,2 млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100% құрады, оның ішінде басқарма аппаратының 13 қызметкерін ұстауға 69,5 млн.теңге және ведомстволық бағынысты "Аңсар ақпараттық - талдау орталығы" КММ-нің 20 қызметкеріне 49,7 млн.теңге бөлінді.

Облыстың еңбек инспекциясы басқармасы бойынша 89,4 млн.теңге бөлінді және **88,8** млн.теңге немесе 99,3%-ға игерілді.

Қаражат басқарма аппаратының 31 қызметкерін ұстауға және 14 бірлік компьютерлік планшеттерді сатып алуға бағытталды.

Облыстың тексеру комиссиясы бойынша 200,2 млн.теңге бөлінді және 100%-ға игерілді. Бұл аппараттың 44 қызметкерін ұстауға бағытталды.

Облыстың жастар саясаты мәселелері басқармасына 205,9 млн.теңге бөлініп, 205,5 млн.теңге немесе 99,8%-ға игерілді.

Қаражат басқарма аппаратының 10 қызметкерін ұстауға - 125,6 млн.теңге және "Облыстық жастар ресурстық орталығы" КММ 22 қызметкерін ұстауға - 79,9 млн.теңге (*жалақы, салықтар, аударымдар, басқа да ағымдағы шығындар*) бағытталған.

Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы бойынша 51,0 млн.теңге бөлінді, **43,5** млн.теңге немесе 85,2%-ға игерілді.

Қаражаттың толық игерілмеуі қадағалау органдарының (*Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті*) іс-әрекеттерін орындау үшін мекеменің есеп айырысу шотының жабылуымен түсіндіріледі.

Бөлінген қаражат басқарма аппаратын ұстауға бағытталды.

Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасына 55,1 млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100%-ға орындалды. Қаражат басқарма аппаратының 21 қызметкерін ұстауға бағытталды (*жалақы, салықтар, аударымдар, басқа да ағымдағы шығындар*)

Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасына 73,3 млн.теңге бөлінді немесе 100%-ға игерілді.

Қаражат аппаратының 21 қызметкерін ұстауға бағытталған (жалақы, салықтар, аударымдар, басқа да ағымдағы шығындар).

Облыстың цифрлық технологиялар басқармасына 1659,9 млн.теңге бөлінді және **1 658,2** млн.теңге немесе 99,9%-ға игерілді. Оның ішінде:

- басқарма аппаратының 14 қызметкерін ұстауға - 492,7млн.теңге.

- "Облыс әкімінің Ахуалдық орталығы" бағдарламалық-ақпараттық кешенін техникалық жарақтандыруға - 860,0 млн.теңге;

- "Open Aqtobe" мобильді қосымшасын әзірлеуге - 19,8 млн.теңге;

- "Басқару жүйесі жұмысының мониторингі және есебі" ақпараттық-бағдарламалық кешенін орнатуға және баптауға - 200,2 млн.теңге;

- "Ақтөбе облысы әкімдігінің сәулеті" бағдарламалық қосымшасын әзірлеуге - 84,0 млн.теңге;

- күрделі шығыстарға - 1,5 млн.теңге.

Облыстың полиция департаменті бойынша **7 802,1** млн.теңге бөлінді және игерілді,немесе 100%-ға орындалды.

Полиция департаменті аппаратының тізімдік құрамы барлығы 2080 бірліктен тұрады, оның ішінде: аттестатталған құрамы 1893 бірлік, азаматтық қызметшілер 77 бірлік, әкімшілік мемлекеттік қызметшілер 71 бірлік және техперсонал 39 бірлік.

Шығындардың ең көп көлемі:

- еңбекақы, басқа төлемдер, салықтар мен аударымдарды төлеуге - 4 454,4 млн.теңге, басқа қорларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға - 865,2 млн. теңге, жанар-жағар май сатып алуға - 320,5 млн. теңге.

- жеке құрам қызметкерлерін қамтамасыз ету үшін қорғау құралдарын сатып алуға (*патрондар, түтін бомбалары және жарық шуылы, жарық– дыбыс гранаталары*)- 93,6 млн.теңге;

- жылыту қазандығын, дәнекерлеу жабдығын және т.б. сатып алуға 17,4 млн. теңге;

- арнайы құралдарды (*броньды кеудеше, оққа төзімді дулыға және қалқандар және басқалар*)сатып алуға- 106,4 млн.теңге;

- патрульдік қызмет үшін аудио-бейнетіркеу кешендерін, көлік ағындарын бақылау, азаматтарды ыңғайлы қабылдау үшін контейнерлік блоктарды, ұйымдастыру техникасын, Алға қаласының аумағы бойынша сыртқы бейнебақылау камерасын және т.б. сатып алуға - 1 098,5 млн.теңге;

- Ырғыз, Әйтеке би және Хромтау аудандық полиция бөлімдерінің ғимараттарын күрделі жөндеуге - 295,8 млн.теңге.

Ақтөбе облысының төтенше жағдай Департаментіне жергілікті бюджеттен **476,6** млн.теңге бөлінді немесе 100%-ға игерілді.

Көлік құралдарын (АЦ-5 өрт сөндіру автоцистерналары 3 бірлік, АЦ-8 өрт сөндіру автоцистерналары 2 бірлік, қар-батпақ талғамайтын "Трэкол" көлігі 2 бірлік, металл қайық 1 бірлік, жол талғамайтын көлігі 2 бірлік) сатып алуға - 265,9 млн.теңге және машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандар (СТҚ қосалқы басқару пульті, хабарлау жүйесін жаңғыртуға арналған жабдық, электросиреналар, УҚТ ретранслятор, қашықтықтан іске қосу үшін автоматты қоңырау шалу жүйелері, бейне және аудиофиксацияның көпфункционалды құрылғысы, бейне деректерді қуаттандыруға және түсіруге арналған бекеттер, тасымалданатын мотопомпалар, жарық-сигналдық дауыс зорайтқыш құрылғы, ҚХР-80 қол қайшы, НРКГ-80 қол қайшылары, гидравликалық бір итокты ЦГ1-С3 цилиндры, қол жетегі бар гидравликалық сорғы) сатып алуға 202,3 млн.теңге жұмсалды.

Төтенше жағдайлар департаментінің үй-жайларын, ғимараттарын, құрылыстарын күрделі жөндеу бойынша жұмыс жобасына түзету және сараптама жүргізуге 4,8 млн.теңге бөлінді.

Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алуға және оларды жоюға 3,6 млн.теңге бөлінді және игерілді, қаражат ескерту сипатындағы жадынамаларды, аудио және бейнероликтерді, анимациялық фильмді дайындауға және оларды трансляциялауға, балаларға арналған бояу-журналдарды және жадынамаларды (Брайль қарпі) дайындауға бағытталды.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасы бойынша **11 790,0** млн.теңге бөлінді және **11 748,5** млн.теңге немесе 99,6% игерілді.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасы аппаратының 38 қызметкерін ұстауға 110,6 млн.теңге бөлінді және толық немесе 100%-ға игерілді.

"Арнайы медициналық жабдықтау базасы" КММ-нің 51 қызметкерін ұстауға 68,1 млн.теңге бөлінді және толық игерілді.

"Үміт" балалар үйі "ММ қамтуға 180,1 млн.теңге бөлінді және толық игерілді. Бөлінген қаражат ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 3 жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеуге, медициналық көмек көрсетуге және күтіп-бағуға бағытталған. Асырап алуға байланысты-1 бала, биологиялық ата-аналарға қайтарылуына байланысты-6 бала, қорғаншылыққа алуына -1 бала және патронат отбасына-2 бала алынуына байланысты 2020 жылы 10 балаға тәрбиеленушілер саны азайды, жоспар бойынша 65 болған кезде 55 баланы құрады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және кәсіби деңгейін қайта даярлауға 31,3 млн.теңге бөлінді және 31,2 млн.теңге игерілді.

Шетелде қайта даярлау мен біліктілікті арттырудан 6 маман өтті

(Түркия - 5 адам, Курск қ. – 1 адам), ел ішінде – 379 маман (онлайн семинарлар, дәрістер), сондай-ақ орта медициналық қызметкерлердің (медколледж) 465 адамы біліктілігін алды.

Салауатты өмір салтын насихаттауға республикалық бюджет қаражаты есебінен 110,5 млн.теңге бөлінді және игерілді. Қаражат 133 766 іс-шара өткізуге, 2 736 аудио және бейне роликтер жалға алуға, 130 223 ақпараттық-білім беру материалдарын тираждауға және 60 сыртқы жарнама шығаруға бағытталды.

ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 82,2 млн.теңге бөлінді және игерілді, оған 6 206 іс-шара өткізілді, оның ішінде:

- жұқтыру қаупі жоғары осал топтар үшін (нашақорлар, секс-жұмыскерлер, еже) - 3800;

- АИТВ инфекциясын эпидемиологиялық қадағалау және шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу (жұқтыру қаупі жоғары осал топтар арасында инфекцияның таралуын қадағалау) – 208;

- тұрғындар арасында АИТВ/ЖИТС алдын алу бойынша - 2198 (қоғамдық орындарда акциялар, бейнероликтер, аудио/видеороликтер және дәрістер өткізу).

Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз етуге 24,0 млн.теңге қаражат бөлінді, 2020 жылға 2136 пациент жоспарланған, іс жүзінде 1476 пациент жолданды. COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты 660 адамға аз.

Талдамалық есеп беру нысандарын ұсыну үшін статистикалық деректерді жинау, өңдеу және сақтаудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерін дамытуға 66,8 млн.теңге бөлінді.

Ауылдық жерлерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға 73,6 млн.теңге көлемінде қаржы бөлініп, толығымен игерілді. "Дипломмен ауылға" мемлекетті бағдарламасы бойынша 49 маманға 1,5 млн.теңге көлемінде біржолғы көмек төленді.

Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алуға 1 480,8 млн.теңге бөлінді және игерілді (РБ-1 245,4 млн. теңге). 2020 жылы 306 349 адам вакцина алды. Балаларды вакцинациямен қамту 95%-дан кем емес.

Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығындарына 5 607,1 млн.теңге бөлінді және 5 606,7 млн. теңге немесе 100% игерілді (ішкі қарыздар – 2 153,7 млн. теңге, РБ – 886,5 млн. теңге, ЖБ – 2 566,8 млн. теңге).

"Жұмыспен қамту жол картасы – 2020" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жалпы сомасы 795,4 млн.теңгеге 17 ұйымда күрделі жөндеу және 2 ұйымда ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Құрылған уақытша жұмыс орындарына 268 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы 134 адам жіберілді (50%).

Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген бағдарлама шеңберінде ішкі қарыздар (облигациялар) есебінен 2 153,7 млн.теңге қаражат бөлінді, оның ішінде:

3 нысанның күрделі жөндеуіне 220,6 млн.теңге бөлінді:

- ШЖҚ "Жедел медициналық жәрдем ауруханасы" МКК қосымша құрылыстарын күрделі жөндеу;

- Акраб ауылындағы ШЖҚ "Қобда ОАА" МКК дәрігерлік амбулатория ғимаратын күрделі жөндеу;

- Қандыағаш қаласындағы ШЖҚ "Мұғалжар ОАА" МКК стационарының 1-ші қабатынан 5-ші қабатқа дейінгі 3-4 қабатының сатысын күрделі жөндеу.

Жұмыс жасап тұрған, сондай-ақ ашу жоспарланып отырған провизорлық және инфекциялық стационарларда медициналық жабдықтарды орната және монтаж жасай отырып сатып алуға 1 933,1 млн.теңге бөлінді.

Сондай-ақ, ШЖҚ "Темір аудандық ауруханасы" МКК үшін мобильді медициналық жылжымалы кешен (көлік құралының шассиінде *эмбебап МЕДКАР-У*) шалғай елді мекендердің тұрғындары үшін шағын мамандардың скринингі мен консультациясын жүргізу үшін – 152,7 млн.теңге және ШЖҚ "Әйтеке би аудандық ауруханасы" МКК үшін инфекциялық стационарларда медициналық қызмет көрсету үшін- 6,3 млн.теңге биохимиялық талдауыш сатып алынды.

Бұдан басқа, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 3 295 медициналық, медициналық емес техника мен бұйымдар (*компьютерлік томограф, стационарлық цифрлық рентген диагностикалық кешені, өкпені жасанды желдету аппараты, УДЗ, төсек жанындағы монитор, көпфункционалды кереуеттер және т.б.*) елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына және медициналық ұйымдардың жабдықтарына қажеттіліктің күрделенуіне байланысты, ұсақ медициналық бұйымдарды 2 499,8 млн.теңгеге сатып алынды.

Жалпы сомасы 60,8 млн.теңгеге 3 объектіге күрделі жөндеу жүргізілді (ШЖҚ "Облыстық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы" МКК негізгі корпусының 2 және 3-қабаттарының еденіне күрделі жөндеу-15,2 млн. теңге, ШЖҚ «Мәртөк аудандық орталық ауруханасы» МКК жанындағы мәйітхана ғимаратына – 8,1 млн. теңге, ШЖҚ «Темір аудандық ауруханасы» МКК шатырына - 32,3 млн. теңге және ШЖҚ «Мамандандырылған емдеу-алдын алу кәсіпорны» МКК қалпына келтіру жұмыстарына 5,2 млн. теңге) және 6 жобаның ЖСҚ-сын әзірлеуге 6,1 млн.теңге бөлінді.

Облыстың жергілікті өкілді органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қосымша қамтамасыз етуге сырқаттанушылық көрсеткішін төмендету үшін **106,6** млн.теңге бөлінді және игерілді, халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және мамандандырылған балалар және емдік тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлауға **475,8 млн.теңге бөлініп**, игерілді (РБ – 70,8 млн. теңге, оның ішінде жалақыға – 34,0 млн. теңге және стипендия төлеуге – 36,8 млн. теңге, ЖБ-405,0 млн. теңге).

Шығыстар мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде кәсіптік білімі бар мамандарды даярлау, дипломдық білімнен кейінгі қайта даярлау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға, стипендия төлеуге және оқушылардың жеңілдікпен жол жүруіне өтемақы төлеуге бағытталған.

Орташа жылдық контингент 761 оқушыны құрады, оның ішінде: фельдшер – 146 адам, акушер – 43, жалпы практикадағы медбике – 482, массажист – 5, медициналық зертханашы – 68, фармацевт – 13 және ортопед-стоматологтар – 4 адам.

Оқушылардың жалпы санынан стипендиаттар контингенті жылына орта есеппен 679 адамды құрады, оның ішінде үздіктер – 92, жақсы – 561, жетімдер – 15, есту және көру бойынша мүгедектер – 11. Стипендия төлеуге барлығы 177,0 млн.теңге бағытталды.

Әлеуметтік көмек ретінде қамқорлықтағы жетім балалар қатарындағы балаларға тамақтануға өтемақы төленеді. 2020 жылы тамақтану шығындары 4,1 млн.теңгені құрады.

Жол жүруге өтемақы (жылына 2 рет) білім алушылар контингентіне 2 еселенген АЕК мөлшерінде-барлығы 7,3 млн.теңге төленді.

166,5 штаттық бірлікке жалақы төлеуге шығыстар – 211,3 млн.теңгені құрады.

Қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитарлық көлік

бойынша лизингтік төлемдерді өтеуге республикалық бюджет есебінен 188,7 млн.теңге бөлініп, игерілді.

24 аудандық мен 17 қалалық медициналық ұйымдар үшін 41 санитарлық автокөлік ("HyundaiH350", "JAC Sunray" маркалары) сатып алынды.

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ШЖҚ "Ырғыз аудандық ауруханасы" МКК ғимаратына жалпы сомасы 168,7 млн.теңгеге (РБ – 151,9 млн. теңге, ЖБ – 16,8 млн. теңге) күрделі жөндеу жүргізілді.

2020 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 1 674,6 млн.теңгеге 3 жоба қаржыландырылды - Ақтөбе қ. қалалық жедел шұғыл медициналық көмек станциясын салу және пайдалану, Ақтөбе қ. 60 төсектік офтальмологиялық аурухана мен күніне 500 адам қабылдайтын емхана салу және пайдалану, ШЖҚ "Қарғалы қалалық аурухана" МКК қасбеттерін күрделі жөндеу.

Короновирустық инфекцияның пайда болуына және таралуына жол бермеу мақсатында **Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен** 840,2 млн.теңге бөлінді және 799,3 млн.теңге игерілді, игерілмеген сома 40,9 млн.теңгені құрады. Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты қаражат игерілмеді, шарт 26.11.2020 ж. №1513-20-00-2/1363 мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 26.12.2020 ж. күшіне енген шешімі бойынша бұзылды.

Шығыстар жалпы сомасы 765,2 млн.теңгеге жеке қорғаныс құралдары мен дәрілік препараттарды және 34,1 млн.теңгеге өкпені жасанды желдету аппараттарын (ӨЖЖ) сатып алуға бағытталды.

Бөлінген қаражат COVID-19 жұқпалы аурулары бойынша өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға бағытталды.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен **431,1** млн.теңге сомасында қаражат бөлінді. Қаражат медициналық ұйымдардың коронавирустық инфекциямен ауыратындарға медициналық көмек көрсетуге дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған (жұқпалы аурулар ауруханасының, Ақтөбе медициналық орталығының ғимараттарын ағымдағы жөндеуге), карантиндегі азаматтарды азық-түлікпен, гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, МҚЖБ үшін автокөлік сатып алуға, 4 провизорлық стационарларға бейнекамералар сатып алуға және орнатуға, медицина қызметкерлерін материалдық қолдауға, COVID-19-дан қайтыс болған медицина қызметкерлерінің отбасыларына

ақшалай өтемақы төлеуге.

Бөлінген қаражат COVID-19 жұқпалы аурулары бойынша өңірдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға бағытталды.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына 9 264,9 млн.теңге бөлінді және 9 262,2 млн.теңге немесе 100% игерілді.

Қаражат басқарма аппаратының 52 қызметкерін ұстауға 144,0 млн.теңге сомасында және мемлекеттік органның күрделі шығыстарына (*ұйымдастыру техника, кеңсе жиһазы сатып алу*) 4,6 млн. теңге бағытталды.

Көші-қон іс-шараларын іске асыру бағдарламасы бойынша 3 азаматтық қызметшіні ұстауға 3,5 млн.теңге бөлінді.

"Жалпы үлгідегі медициналық–әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету" бағдарламасы бойынша қарттар мен мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсартуға 360,5 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді.

Осы бағдарлама бойынша жалпы штат саны 174,75 бірлік, еңбекақы төлеу қоры 221,7 млн.теңге болатын "№ 1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" КММ-сін ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру жүзеге асырылды.

Қамқорлыққа алынғандар саны 204 адам.

Тамақтану шығындары - 80,7 млн.теңгені құрады.

Дәрі-дәрмек сатып алуға - 4,0 млн. теңге.

Баланста 5 бірлік автокөлік бар.

Коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерінің төлемі - 28,3 млн.теңгені құрады.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (*ғимараттарды, үй - жайларды күтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге, дератизация, дезинфекция, қоқыс шығару, киім-кешекті, ұйымдастыру техникасын жуу, қызметтер мен жұмыстарға шығыстар, басқалар*)- 8,1 млн.теңге.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алуға шығыстар 1,8 млн. теңге сомасын құрады.

Басқа шығындар 15,9 млн. теңге.

"Психоневрологиялық медициналық – әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету" бағдарламасы бойынша 557,9 млн.теңге бөлініп, 557,1 млн.теңге игерілді, бағдарламаның мақсаты мүгедектердің өмір сүру сапасын жақсарту болып табылады.

Осы бағдарлама бойынша жалпы штат саны 245,5 бірлік, еңбекақы төлеу қоры 242,7 млн.теңге болатын "№ 2 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" КММ-сін ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру жүзеге асырылады.

Қамқорлыққа алынғандар саны - 418 адам.

Тамақтану шығындары-168,8 млн.теңгені құрады.

Дәрі-дәрмек сатып алуға - 23,1 млн.теңге.

Баланста 5 бірлік автокөлік бар.

Коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтеріне ақы төлеу - 61,1 млн.теңге.

Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу (*ғимараттарды, үй-жайларды ұстауға және оларға қызмет көрсетуге, дератизация, дезинфекция, қоқыс шығару, автокөлікті жөндеу, медициналық жабдықты техникалық қызмет көрсету, ас блогындағы және монша кір жуу кешеніндегі электр жабдықтарының алдын алу және жөндеу, аумақтың периметрі бойынша бейнекамералар орнату, жылытуға маусымына дайындық, санитариялық эпидиомологиялық қызметтер, рентген апаратураларын дозитрек бақылау, қызметкерлерге арнайы киім тігу, тұрғын үй корпустарына рулонды жалюздерді дайындау және орнату шығыстары*) 37,8 млн.теңге.

Өзге де шығыстарға 13,8 млн.теңге бөлінді.

Бұдан басқа, 9,8 млн.теңгекір жуатын орынға арналған дезинфекциялық камера мен металл төсектер сатып алынды.

ҚР-дамүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға 1 140,1 млн.теңге бөлінді, 1 051,7 млн.теңге игерілді (*РБ-623,7 млн. теңге, игерілді – 621,7 млн. теңге*), қаражат бағытталды:

– мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектер мен мүгедек балаларды санаторлық-курорттық емдеуді қамтамасыз етуге 1 841 адамға 117,9 млн.теңге (*РБ-545 адамға 49,9 млн. теңге*);

Мемлекеттік сатып алу рәсіміне сәйкес, қаражат Алға қаласының

"Алғабас–А" ЖШС–не жүрек-қантамыр жүйесі ауруларын, эндокриндікжүйе ауруларын, тамақтанудың бұзылуын және зат алмасудың бұзылуын емдеуге жіберілді.

- Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді техникалық қосалқы және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге 4 899 адамға 362,0 млн.теңге (РБ-1 601 адамға 218,5 млн.теңге):

- арнайы жүріп-тұру құралдарымен 809 мүгедек-79,2 млн.теңгеге;

- тифлотехникамен 718 мүгедек - 185,0 млн. теңгеге;

- сурдотехникамен 1 361 мүгедек - 83,0 млн. теңгеге;

- көмекші 2 011 мүгедек - 14,8 млн.теңгеге қамтамасыз етілді.

-протездеу, протездік-ортопедиялық құралдармен қамтамасыз ету және оларды пайдалануды үйрету бойынша медициналық қызметтер көрсетуге 166,2 млн.теңге (РБ – 2082бұйымға 115,4 млн.теңге)2 104 протездік–ортопедиялық бұйыммен қамтамасыз етуге бөлінді.

- 1 528 мүгедекті міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормасын арттыруға 119,4 млн. теңге бөлінді, 118,4 млн.теңге игерілді.

- техникалық көмекші (компенсаторлық) қаражат тізбесін кеңейтуге3 884 мүгедекке 103,0 млн.теңге бөлініп, игерілді.

- ым-ишара тілі маманының қызметін көрсетуге 75 мүгедекке 14,3 млн.теңге бөлініп, игерілді.

- кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және баптау қызметтеріне 77,5 млн.теңге бөлініп, игерілді. Қаражат кохлеарлық импланттары бар 12 бала мен 3 ересек мүгедекке сөйлеу процессорларын ауыстыру бойынша қызмет көрсетуге бағытталды;

Үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға 87,4 млн.теңге бөлініп, толық игерілді.Қаражат келесілерге бағытталды:

- жартылай стационар жағдайында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге - 60 адамға 38,0 млн.теңге;

- қарттар мен мүгедектерге үй жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге - 135 адамға 36,2 млн.теңге;

- адам саудасының құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге - 8,3 млн.теңге 6 адам (жоспар бойынша 6 адам.);

- тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге - 4,9 млн.теңге 18 адам (жоспар 18 адам).

Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізуге (мемлекеттік сектордағы тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары) 5,0 млн.теңге бөлінді және игерілді, осы бағыт бойынша жоспардағы 20 тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" бағдарламасы шеңберінде еңбек нарығын дамытуға бағытталған іс – шараларды іске асыруға барлығы 2 466,6 млн.теңге бөлінді және толықтай игерілді (РБ – 1 989,8 млн. теңге, ОБ-476,8 млн. теңге).

- әлеуметтік жұмыс орындарына 1 303 адам жіберілді немесе 122,9% (жоспар 1 060 адам). **206,1** млн.теңге бөлініп, толықтай игерілді.

- жастар практикасына 2 345 адам жіберілді немесе 124,2% (жоспар 1 888 адам). Бөлінген және игерілгені **547,0** млн.теңге.

Ақылы қоғамдық жұмыстарға 6 378 адам жіберілді немесе 114,2% (жоспар 5 582 адам) **1 025,8** млн. теңге бөлінді және игерілді (РБ-925,8 млн. теңге, ОБ-100,0 млн. теңге)

Сонымен қатар, облыста "Жасыл ел" бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2020 жылы "Жасыл ел" жасағына жұмыспен қамту орталықтары арқылы 1483 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланған. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен 100,0 млн.теңге бөлінді.

Нәтижесінде, уақытша қоғамдық жұмыстарға жіберілген 5 543 жастың "Жасыл ел" жасағына 2109 адам, оның ішінде: жұмыссыздар - 276 адам, студенттер - 1195 адам, оқушылар - 638 адам.

Жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 789 адамды оқытуға 134,4 млн.теңге бөлінді (жоспар 756 адам). Оқуды аяқтаған 768 адамның 760 адамы немесе 99% жұмысқа орналастырылды. (Объективті себептер бойынша 8 адам жұмысқа орналасуды қажет етпейді).

2020 жылы аз қамтылған және көп балалы отбасылар, еңбекке қабілетті мүгедектер мен жастар үшін бизнес идеяларды іске асыруға 200 АЕК–ке дейін (555,6 мың теңгеге дейін) гранттар беруге 553,3 млн.теңгеге 918 грант берілді (РБ – 310,9 млн. теңгеге 566 адам, ОБ-242,4 мың теңгеге 352 адам).

Сонымен қатар, өңірде азаматтардың барлық жас санаттары арасында, оның ішінде білім беру ұйымдарының түлектері арасында нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасына қатысу мүмкіндіктері туралы белсенді түсіндіру жұмыстары жүргізілуде, осы мақсатқа 1,9 млн.теңге бөлінді және игерілді.

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға 7,2 млн.теңге бөлініп, игерілді, осы бағдарламаның мақсаты мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасау, өмір сүру сапасын жақсарту, мүгедектерді қоғамға кірістіру үшін жағдай жасау болып табылады, осы бағыт бойынша мынадай көрсеткіштерге қол жеткізілді: арнайы жұмыс орындарын құру - 15, оның ішінде есту қабілеті бұзылған – 4, көру қабілеті бұзылған – 3, тірек-қимыл аппараты бұзылған-8.

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге 4 311,6 млн.теңгебөлінді және игерілді (*РБ – 3 010,0 млн.теңге, ЖБ – 1 301,6 млн.теңге*).

Атаулы әлеуметтік көмек 6 695 отбасында тұратын 33 589 аз қамтылған азаматтарға - 2 128,0 млн.теңге (*РБ – 1 833,1 млн.теңге, ЖБ – 294,9 млн.теңге*)тағайындалды.

АӘК тағайындаумен бірге 1 жастан 6 жасқа дейінгі 7 505 балаға 420,9 млн.теңге (*РБ – 188,3 млн.теңге, ЖБ – 232,6 млн.теңге*) кепілдендірілген әлеуметтік пакет (*азық-түлік жиынтығы және гигиеналық құралдар*) берілді.

Облыс халқының 15 санаты бойынша 85 205 алушыға 1 762,7 млн. теңгеге әлеуметтік көмек көрсетілді, оның ішінде:

- республикалық бюджеттен халықтың 7 санаты бойынша 46 500 адамға 988,6 млн. теңге төленді;

- жергілікті бюджеттен халықтың 8 санаты бойынша 38 705 адамға 774,1 млн.теңгеге (*20,0 мың теңге*) біржолғы көмек төленді.

"Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша 202,7 млн.теңге бөлінді және игерілді. Ақтөбе қ. стационар жағдайында психоневрологиялық аурулары бар мүгедек балаларға қызмет көрсету бойынша қызметтерді ұсыну - 100 бала (*"Жайна" мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту стационары"ЖШС*).

Облыстың білім басқармасы бойынша 57 739,7 млн.теңге бөлінді және 57 739,4 млн.теңге немесе 100% игерілді.

Негізінен қаражат мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың қызметкерлеріне жалақы төлеуге, коммуналдық қызметтерге және іс-шаралар жоспарында көзделген бірінші кезектегі шығыстарға бағытталды.

Қаражат басқару аппаратының 38 қызметкерін ұстауға 178,1 млн.теңге бөлінді немесе 100% игерілді *(аударымдармен жалақы, салықтар, коммуналдық қызметтерді төлеу)*.

Ұйымдастыру техникасын *(компьютерлер мен принтерлер)* сатып алуға және жиһаз дайындауға 4,6 млн.теңге жіберілді.

"Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша 1 861,9 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді.

Жоспарланған 1207 тәрбиеленушіге оқуға, тәрбиелеуге, жеке бейімділіктерін дамытуға, оңалтуға, әлеуметтік-еңбекке бейімделуіне, 8 білім беру ұйымдарында білім алу үшін қажетті жағдайлар жасалды.

"Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру" бағдарламасы бойынша 851,2 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді, мектептегі білім беру сапасын арттыру мақсатында осы бағыт бойынша мынадай көрсеткіштерге қол жеткізілді: педагогтердің еңбекақысын ұлғайту бойынша алушылар саны 25% - 217,61 штаттық бірлік, ұлттық біліктілік тестінен өткен және бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын мұғалімдер саны 97,1 педагогикалық мөлшерлемелер.

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау" бағдарламасы бойынша 6 888,4 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді, оның ішінде: мемлекеттік тапсырысқа 6 419,0 млн.теңге және 6 мекемені ұстауға - 469,4 млн.теңге *("Ақтөбе көпсалалы колледжі" КММ - 19,7 млн. теңге, "Жайсаң көпсалалы колледжі" КММ - 222,4 млн. теңге, "Шалқар аграрлық – техникалық колледжі" - 122,7 млн. теңге, "Байғанин техникалық колледжі" - 24,8 млн. теңге, "Бадамша агротехникалық колледжі" - 2,4 млн. теңге, "Ембі қызмет көрсету саласы колледжі" КММ – 77,4 млн. теңге).*

Облыста техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі 20 559 студент контингенті бар 42 колледжден тұрады, олар 100 мамандық және 148 біліктілік бойынша оқиды, оның ішінде 32 колледжде кадрлар даярлауға мемлекеттік тапсырыс орналастырылған.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында 14 419 адам білім алды, оның ішінде 10 310 студент 2 810,4 млн.теңге *(1 120 үздік оқушы, 8 937 жақсы оқушы, 14 көру және есту бойынша мүгедек, 239 жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар)* стипендия алды;

- қаладан тыс жерлерден келген 4 123 студентке жеңілдікпен жол жүруге 42,3 млн. теңге бөлінді және игерілді;

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 239 балаға және көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан және қамқорлықтағы 2750 студенттің тамақтануына 301,6 млн.теңге бөлінді.

Есепті кезеңге жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тамақтандыруға 104,7

млн.теңге қарастырылған (бір балаға нормасы күніне 1200 теңгені құрайды). Сондай – ақ, студенттерге – көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) және патронаттағы балаларға жетім балалар үшін күндізгі тамақтану құнының 40% мөлшерінде тамақтану көзделген (480 теңге), шығыстар сомасы 196,9 млн.теңгені құрайды.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау бағдарламасы бойынша 2 060,2 млн.теңге бөлінді және игерілді.

- Ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау -1 213,4 млн.теңге. Кредиттер және технологиялық жабдықтың, жануарларды сатып алудың лизингі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін қаржылық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру болып табылады. Субсидиялау: ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде аспалы және тіркемелі жабдықтарды сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыз шарты бойынша теңгемен жылдық 10%-ға (*ұн, минералды су және алкогольсіз сусындар өндіру бойынша негізгі құралдарды сатып алуға арналған қарыздарды қоспағанда*); айналым қаражатын толықтыруға теңгемен жылдық 5%-ға төмендету арқылы жүзеге асырылады.

Үкіметтік "Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы" аясында 2020 жылы 3 758,5 млн.теңге бөлінді және игерілді немесе 100%-ға орындалды(*республикалық бюджет 3 721,2 млн.теңге, жергілікті бюджет 37,3 млн.теңге*). Қаражат келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша игерілді:

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту Бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік несиелер беру - 3 721,2 млн.теңге. Ақтөбе облысы әкімдігінің 07.02.2018ж. "Ауылдық елді мекендерде (олардың әкімшілік бағыныстылығына қарамастан) және шағын қалаларда шағын несие беруді ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" №64қаулысы, сондай-ақ 05.07.2018ж. №296 және 09.10.2018ж. №444 "Ақтөбе облысы әкімдігінің 07.02.2018ж. №64қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы негізінде қаражат "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" АҚ және "Аграрлық несие корпорациясы"АҚ арасында бөлінді.

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту Бағдарламасы шеңберінде шағын несиелерді ішінара кепілдендіру - 37,3 млн.теңге. Бағдарлама шеңберінде 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап МҚҰ/КС (МФО/КТ) берілетін номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%-дан аспайтын несиелер бойынша кепілдіктер берілді. Шағын несиелерге кепілдік бергені үшін жергілікті атқарушы органдардан алынатын комиссиялардың мөлшері кепілдік мөлшерінің 30%-ын құрайды және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде төленеді.

Сондай-ақ басқарма келесі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі болып табылады:

– Зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау - 401,6 млн.теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 3,4 млн.теңге, жергілікті бюджеттен 398,2 млн.теңге.

- Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру 0,4 млн.теңге. Ақтөбе облысының аумағында пестицидтерді (улы химикаттарды) көмуге арналған полигонның болмауына байланысты жоғарыда көрсетілген қалдықтарды Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне алып кету талап етіледі. Пестицидтерден босаған ыдыстар және пайдалануға жарамсыз пестицидтер көмілуге жатады. Өткізілген конкурстың қорытындысы бойынша жеткізуші ыдысты тасымалдау және оны одан әрі кәдеге жарату бойынша қызмет көрсетті.

- Ауыл шаруашылығы дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар 0,5 млн.теңге. Өнім беруші өткізілген конкурс негізінде анықталды. Орындалған жұмыс актісіне сәйкес, жұқтырған аумақ шегірткелер мен итальяндық прустарға қарсы өңделді.

- Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыруға - 240,0 млн.теңге. Қаражат тұрақтандыру қорының азық-түлік тауарларының қорын толықтыруға бөлінді.

- Тұқымдық және көшет материалының сорттық және егістік сапасын анықтау - 23,6 млн.теңге. Егістік тұқымдарға зерттеулер жүргізілді, оның қорытындысы бойынша тұқымның тұқым шаруашылығы саласындағы техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі анықталды.

-Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік есепке алу және тіркеу 2,8 млн.теңге. Арнайы өнімдерді толық көлемде сатып алу техникалық инспекцияда есепте тұрған машиналарды және облысқа әкелінетін жаңа машиналарды тіркеу пункттерінің (емтихан пункттерінің) үздіксіз жұмысын және тіркеуді (қайта тіркеуді) қамтамасыз етті.

– Қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін мал шаруашылығы саласында оны тереңдете қайта өңдеп өнім шығаруы үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау - 337,1 млн.теңге.

– Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резерві есебінен іс-шаралар өткізу - 252,3 млн.теңге, қаражат төтенше жағдай кезеңінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 10 түрін сатып алуға жұмсалды.

Облыстың ветеринария басқармасы бойынша **1 073,9** млн.теңге қарастырылып және толық игерілді, олар 13 бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінді. Оның ішінде:

- басқарма аппаратының 46 қызметкерін ұстауға - 104,8 млн.теңге;

- ұйымдастыру техникасын және вирусқа қарсы бағдарламаны сатып алуға - 2,5 млн.теңге;

- облыстың 7 ауданында мал қорымдарын тиісті жағдайда ұстауға - 11,6 млн.теңге;

- 8 аудан аумағында (*Байғанин, Ырғыз, Қарғалы, Темір, Ойыл, Қобда, Шалқар, Мұғалжар*) және Ақтөбе қ. бойынша ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыруға - 13,3 млн.теңге.

- қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыруға 51,7 млн.теңге бөлінді. Қаңғыбас иттер мен мысықтар құтыру, эхинококкоз, лептоспироз, дирофориоз және т.б. сияқты аса қауіпті аурулардың, сондай-ақ иттерден адамдарға берілетін ішек паразиттерінің тасымалдаушысы болып табылады. Тек Ақтөбе қ. бойынша "Ақтөбе қалалық ветеринарлық станциясы" МКК 2020 жылы 8254 бас қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулап, жойды. Облыс бойынша барлығы 13,0 мыңнан астам қаңғыбас мысықтар мен иттер ауланып, жойылды.

- Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеуге 104,1 млн.теңге бөлініп, игерілді. ҚР АШМ №7-1/559 бұйрығына сәйкес (5 тарау) жануарлар иелеріне төлемдер алуға және құжаттар пакетін ұсынуға негіз болады. Ветеринариялық зертхананың талдауларының және сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) нәтижелері бойынша патологиялық өзгерістер анықталған ауру жануарлар ет өңдеу кәсіпорындарына өнеркәсіптік қайта өңдеуге жіберіледі, олар өз кезегінде ауру малға өтемақы төлеу үшін құжаттар пакетін ұсынады. Бруцеллезбен ауыратын, санитариялық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ малдың) құнын өтеуге (30% - ға дейін) залалсыздандырылған жануарлардың иелеріне, жеке тұлғаларға трансферттер түрінде 103,4 млн.теңге төленді. Залалсыздандырылған жануарлардың жалпы саны 2189 басты құрады, онда ІҚМ 1172 бас, 1016 бас ҰММ және 1 бас түйе.

- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуге ветеринариялық станциялардың биркаларды орнату және мал иелеріне ветеринариялық паспорттар беру қызметтеріне 31,7 млн.теңге бөлінді және толық игерілді. Бұл іс-шаралар облыс аумағында мал басының есебін жүргізу мақсатында жүргізіледі.

- құтыру, пастереллез, күйдіргі, эхинококкоз, оба, туберкулез, нодулярлық дерматит және т.б. аурулардан малды анықтау және вакцинациялау бойынша диагностика жүргізуге 704,1 млн. теңге бөлінді және игерілді. 1 918 943 мал басы диагностикаланды, 1 451 750 мал басы вакцинацияланды.

- уақытша сақтау бекеттеріне дейін ветеринариялық препараттарды жеткізу бойынша көлік қызметтеріне ақы төлеуге 1,9 млн.теңге бөлінді.

- жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы, оларды сақтауды және тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді орталықтандырылған сатып алуға 29,9 млн.теңге бөлінді. ІҚМ гиперматозына қарсы вакцинаның 380 000 дозасы және 14,4 млн.теңгеге жылқылардың жуылуына қарсы вакцинаның 9234 дозасы, жануарлардың профилактикасы және диагностикасы қызметіне 15,5 млн.теңге сатып алынды.

- ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу үшін ветеринариялық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттарды, жануардың ветеринариялық төлқұжатын орталықтандырылған сатып алуға және оларды тасымалдауға (жеткізуге) 11,6 млн.теңге бөлінді. Ауыл шаруашылығы жануарлары үшін 241 815 дана ветеринариялық төлқұжат сатып алынды.

- облыстық бюджеттен 6,5 млн.теңге сомасында трансферттер бөлінді (Ақтөбе облысы әкімдігінің 20.02.2020 жылғы №60 қаулысына сәйкес 1 наурыздан бастап функциялар облыстық меншікке берілді).

Облыстың кәсіпкерлік басқармасы бойынша **4 338,5** млн.теңге қарастырылды және **4 338,3** млн.теңге немесе 100% игерілді.

Басқарма аппаратының 19 қызметкерін ұстауға 68,7 млн.теңге бөлінді.

Мемлекеттік органның күрделі шығыстарына 24,9 млн.теңге қарастырылып, КФҚ (МФУ) және лазерлік принтер, ұйымдастыру техникасы, "Бизнеске арналған Үкімет" бағдарламасының техникалық жабдықталуы сатып алынды.

Кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау шаралары бойынша анықтамалықтар дайындауға 1,4 млн.теңге бөлінді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға несие беруге жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2023 жылы өтеу мерзімімен "Ақтөбе" ӘКК АҚ 500,0 млн.теңге несие (займ) берілді.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге конкурстық комиссия отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 119,0 млн.теңгеге 29 грант берілді.

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға барлығы 1 671,2 млн.теңге бөлінді (*республикалық бюджет - 907,0 млн.теңге, жергілікті бюджет - 764,2 млн.теңге*). Оның ішінде:

- республикалық бюджет қаражатынан жоспарланған көрсеткіштер кезінде ШОБ-тың 80 жобасына қолдау көрсету 907,0 млн.теңге сомасына пайыздық мөлшерлеме субсидияланып, 21,3 млрд.теңге кредит сомасына 326 жобаға қолдау көрсетілді.

- жергілікті бюджет қаражаты есебінен 166 ШОБ жобасына қолдау көрсетудің жоспарлы көрсеткіштері кезінде 764,2 млн.теңге сомасына пайыздық мөлшерлеме субсидияланып, 21,3 млрд.теңге сомасына 326 жобаға қолдау көрсетілді.

"Бизнестің жол картасы - 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске несиелерді ішінара кепілдендіруге 981,8 млн.теңге бөлінді (*республикалық бюджет 811,5 млн.теңге, жергілікті бюджет 170,3 млн.теңге*). Оның ішінде:

- республикалық бюджет қаражатынан 811,5 млн.теңгеге 55 шарттың жоспарлы көрсеткіштері кезінде ШОБ субъектілерінің 180 шартының несиелеріне ішінара кепілдік беру қаржыландырылды;

- жергілікті бюджет қаражаты есебінен 170,3 млн.теңгеге мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 30 шарттың жоспарлы көрсеткіштері кезінде 32 шартқа ішінара кепілдік берілді.

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге 21,0 млн.теңге бөлінді. 4 гранттың жоспарлы көрсеткіштері кезінде іс жүзінде 5 грант берілді.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде:

Облыс орталықтары мен моноқалаларда кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беруге 916,1 млн.теңге бөлінді. Осы қаражат шеңберінде 50 жоспарланып, нақты 108 шағын несие берілді.

"Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту Бағдарламасы" шеңберінде шағын несиелерді ішінара кепілдендіруге 24,6 млн.теңге бөлінді, Ақтөбе және Хромтау қалалары кәсіпкерлерінің жалпы сомасы 338,9 млн.теңгеге 65 шағын несиелері кепілдендірілді.

Туристік қызметті реттеуге 9,5 млн.теңге бөлінді. Қаражат топтық турларды ұйымдастыру, экскурсияларды ұйымдастыру үшін көлікті

жалға алу, туристік объектілерді аэро және жерүсті панорамалық түсіру, туристік жолсілтемелерді тираждау, ақпараттық терминалдың сенсорлық экранын жөндеу, www.vizitaktobe.kz сайтына қызмет көрсету бойынша ақы төлеуге бөлінді.

Облыстың индустриялық-инновациялық даму басқармасына 207,7 млн.теңге бөлінді және игерілді, немесе 100%-ға орындалды. Қаражат басқарма аппаратының 24 қызметкерін ұстауға 76,2 млн.теңге сомасында, "Ақтөбе" Индустриалдық аймағының инженерлік желілерінің операторлық шығыстарына, Ақтөбе облысының тауар өндірушілерінің көрмесін ұйымдастыруға және өткізуге, "Жер қойнауын пайдаланушылар мен мемлекеттік органдардың сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі» іс-шарасын жүргізуге 131,5 млн.теңге бағытталды.

Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына 35 423,8 млн.теңге бөлінді және игерілді, немесе 100%-ға орындалды.

Қаражат басқарма аппаратының 19 қызметкерін ұстауға 58,6 млн.теңге (*жалақы, салықтар, аударымдар және басқа да ағымдағы шығыстар*) және күрделі шығыстарға 1,2 млн.теңге бөлінді.

Көлік инфрақұрылымын дамытуға 3 291,4 млн.теңге бөлініп, толық игерілді. Қаражат «Ақтөбе-Орск» автомобиль жолының 8-16 шақырымын және Ақтөбе қ. «Оңтүстік айналма жолы» автомобиль жолының 21,5-35,3 шақырымын қайта жаңартуға бағытталды. Екі жоба да 2021 жылға өтпелі.

Сонымен қатар, автокөлік жолын қайта жаңартуға 6 жобаның ЖСҚ әзірлеуге 62,0 млн.теңге қаражат бөлініп, толығымен игерілді.

Оның ішінде: «Кирпичное ауылындағы Елек өзені арқылы өтетін көпірден «Ақтөбе-Орск» автомобиль жолына дейін автомобиль жолын қайта жаңарту» жобасы мемлекеттік сараптамадан өтіп, қорытындысы алынды, қалған 5 жоба 2021 жылға өтпелі.

Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге 771,1 млн.теңге бөлініп, игерілді. Қаражат облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын ұстауға бағытталды.

Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялауға 263,5 млн.теңге бөлініп, игерілді. Қаражат «Сарыарқа» ЖШС-не «Ақтөбе-Шалқар-Ақтөбе» бағытын субсидиялауға бағытталды.

Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыруға 5 595,9 млн. теңге бөлініп, игерілді. Қаражат 14 автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеуге (*4 күрделі, 10 орташа жөндеу*) бағытталды. Оның ішінде 8 нысан пайдалануға берілді (*2 - күрделі, 6 - орташа жөндеу*).

Бұдан басқа, 5 жоба бойынша автомобиль жолын реконструкциялауға ЖСҚ әзірлеуге 6,1 млн.теңге бөлінді. Барлық жобалар 2021 жылға өтпелі.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуге 1,5 млн.теңге бөлініп, бөлінген қаражатқа «Ақтөбе-Мәртөк-РФ шекарасы» Самара-Шымкент бағыты бойынша автомобиль жолдарына техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптама алынды.

Республикалық және облыстық бюджеттерден аудандар мен Ақтөбе қ. 8 539,7 млн.теңге трансферттер бөлінді. Бюджет қаражаты Ақтөбе қ. мен аудандардың 59 автомобиль жолдарын салуға, қайта жаңартуға, күрделі және орташа жөндеулерге бағытталды. Оның ішінде 34 нысан аяқталып, пайдалануға берілді, қалған 25 нысан 2021 жылға өтпелі.

2020-2021 жж. Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасы шеңберінде 2020 жылы 16 869,3 млн.теңге бөлініп, 16 764,7 млн.теңге немесе 99,3% игерілді, игерілмеген сома 104,6 млн.теңгені құрады, оның ішінде аудандар бойынша:

1) Ақтөбе қ. бойынша 48 жобаға 10 894,5 млн.теңге бөлініп, 10 804,2 млн.теңге игерілді, игерілмеген қаржы 90,3 млн.теңгені құрады (11 нысан), бөлінген қаражаттар 3 нысанның құрылыстарына, 3 нысанды қайта жаңартуға, 19 нысанды күрделі жөндеуге, ағымдағы шұңқырлар мен топырақ жұмыстарына және 22 автокөлік жолдарын орташа жөндеуге бағытталды;

2) Әйтеке би ауданы бойынша 7 автокөлік жолын орташа жөндеу бойынша 213,1 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

3) Алға ауданы бойынша 8 автокөлік жолдарының құрылысына, күрделі және орташа жөндеуге 576,8 млн.теңге бөлініп, 562,7 млн.теңгесі игерілді, 14,1 млн.теңге игерілмеді (6 нысан);

4) Байғанин ауданы бойынша 4 автокөлік жолын салуға және күрделі жөндеуге 192,5 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

5) Ырғыз ауданы бойынша автокөлік жолдарының күрделі жөндеуіне және Жарма көпірін қайта жаңартуға 457,9 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

6) Мәртөк ауданы бойынша кентішілік және көше жолдарын орташа жөндеуге 304,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

7) Мұғалжар ауданы бойынша автокөлік жолдарын салуға, күрделі және орташа жөндеуге 1 076,4 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

8) Темір ауданы бойынша автокөлік жолын салуға және орташа жөндеуге 587,1 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

9) Ойыл ауданы бойынша автокөлік жолдарын ағымдағы жөндеуге 28,6 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

10) Хромтау ауданы бойынша автокөлік жолдарының құрылысына, қайта жаңғыртуға және орташа жөндеуге 1 147,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

11) Қарғалы ауданы бойынша автокөлік жолдарын орташа жөндеуге 276,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

12) Қобда ауданы бойынша автокөлік жолдарын орташа және күрделі жөндеуге 180,2 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді;

13) Шалқар ауданы бойынша автокөлік жолдарын күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуге 932,5 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді.

2020 жылы жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінен дизель отынын сатып алуға және карантиндік блок бекеттеріне кіру кезінде автокөлік құралдарын дезинфекциялық өңдеуге 31,5 млн.теңге қаржы бөлініп, толық игерілді.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына 16 877,3 млн.теңге бөлінді және 16 876,6 млн.теңге игерілді немесе 100%-ға орындалды.

Қаражат басқарма аппаратының 31 қызметкерін ұстауға 137,8 млн.теңге сомасында және басқарма үшін моноблоктар сатып алуға 4,1 млн.теңге бағытталды.

Елді мекендерді газдандыру мен коммуналдық шаруашылықты дамытуға 449,7 млн.теңге бөлінді.

Негізінен шығындар елді мекендерді газдандыру бойынша ЖСҚ әзірлеуге және бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне қажетті сараптамалар жүргізуге бағытталды.

Елді мекендерді газдандыруға бөлінген 113,4 млн.теңге 13 елді мекенді газдандыруға ЖСҚ әзірлеуге бағытталды. Оның ішінде 4 жоба мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды, қалған 9 жоба 2021 жылға өтпелі.

Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауға 316,6 млн.теңге бөлініп, игерілді. Субсидиялау 12 ауданға тарифтердің қымбаттауын жабу үшін берілді.

Ақтөбе облысының Ақтөбе қ. магистральдық газ құбырының 3-ші желісін салу жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздемелерін сараптама жүргізуге 19,7 млн.теңге бөлінді. Жоба мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

Газ тасымалдау жүйесін дамытуға 1 602,4 млн.теңге жоспарланып, 1 601,7 млн.теңге игерілді, игерілмей қалған 0,7 млн.теңге Ырғыз ауданы Құрылыс ауылына газ құбырын тарту нысаны бойынша 5% құрылыстың кепілді қамтамасыз ету сомасы.

Сонымен қатар, шығыстар Алға, Әйтеке би, Байғанин, Ырғыз, Қобда және Темір аудандарына жеткізуші және кентішілік газ құбырларын салуға және ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын өтеуге бағытталды.

2020 жылдары Алға(4), Әйтеке би(1), Байғанин(4), Ырғыз(4) және Темір(1) аудандарының жеткізуші және кентішілік газ құбырлар құрылысының 14 нысанының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 6 жеткізуші және кентішілік газ құбырының құрылыс нысандары 2021 жылға өтпелі.

2020 жылы газбен жабдықтаудың 20 жобасы іске асырылды, бұл 10,1 мың халқы бар 13 ауылды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді (*Әйтеке би–Талдысай; Алға–Тикқайың, Голубиновка, Қарақобда; Байғанин–Жарлы, Кемерши, Ноғайты; Ырғыз–Жаныс би; Темір–Тасқопа*). Бүгінгі күні облыстың жалпы 323 елді мекеннің 126-сы (39%) газдандырылған, онда 806,0 мыңнан астам адам (91,4%) тұрады.

Жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша 8 елді мекенді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарына 869,9 млн.теңге бөлінді.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындауға 71,6 млн.теңге бөлініп, игерілді. Бөлінген қаржы бюджеттік сала қызметкерлерін орналастыру үшін 70 пәтерлі шағын отбасылық жатақхананы коммуналдық меншікке беруге бағытталды. Шарт кестесінің негізінде бюджет қаражатына ақы төлеу кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Сонымен қатар, Ақтөбе қ. мен аудандарға 7 730,3 млн.теңге трансферттер бөлініп, 100%-ға игерілді. Негізінен шығындар елді мекендерді газдандыруға, сумен жабдықтауға, кәріз желілерін салуға және қайта құруға бағытталды.

Сондай-ақ, қаржы елді мекендерді газдандыруға, коммуналдық шаруашылықты дамытуға, сумен жабдықтау мен су бұруға ЖСҚ әзірлеуге бағытталды.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу үшін аудандық бюджеттерге 95,7 млн.теңге кредит беріліп, игерілді. Қаражат Мұғалжар ауданы Қандыағаш қаласындағы Жастық шағын ауданындағы №9 және №17 тұрғын үйлерін күрделі жөндеуге жұмсалды.

2020-2021 жж. Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында облигациялық қарыздар есебінен 6 131,0 млн.теңге бөлінді, оның ішінде:

Байғанин ауданының Ноғайты ауылына кентішілік және жеткізуші газ құбырын салуға - 215,6 млн.теңге;

Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит

беруге 5 915,5 млн.теңге бөлініп, оның 5 914,0 млн.теңге игерілді немесе 99,9%-ға орындалды (41 жоба), оның ішінде аудандар бойынша:

1) Ақтөбе қаласы бойынша 2 224,5 млн.теңге бөлініп, 2 223,1 млн.теңгесі игерілді немесе 99,9% («Ақтөбе қаласы, 312 атқыштар дивизиясы даңғылынан Тургенев көшесі, 45 тірегіне дейін 3-ші жылу магистралін қайта жаңғырту», «Ақтөбе қ. №1 желілік ауданның кварталішілік жылу желілерін қайта жаңғыртуға (12 нысан), «Ақтөбе қ. №3 желілік ауданның кварталішілік жылу желілерін қайта жаңғырту (9 нысан)», «ТКШ теңгеріміндегі жылумен жабдықтау желілерін жөндеу» (Трансэнерго АҚ), «Декоративтік жарықтандыру», «Ақтөбе қ. жатын аудандарына аула жарығын орнату жөніндегі жұмыстар», «Балалар спорт алаңдарын орнату», «Тротуарлық плиткаларды, жиектерді, брусчаткаларды төсеу және жөндеу»);

2) Әйтеке би ауданы бойынша 429,1 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Ақтасты ауылындағы сумен жабдықтау объектілерінің құрылысы»);

3) Алға ауданы бойынша 532,2 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Нұрбұлақ ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы» және «Жерұйық ауылындағы сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы»);

4) Байғанин ауданы бойынша 227,3 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Қаражар ауылындағы сумен жабдықтау объектілерінің құрылысы»);

5) Ырғыз ауданы бойынша 168,0 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Жарма ауылындағы су құбыры желілерінің құрылысы»);

6) Қарғалы ауданы бойынша 139,5 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Бадамша ауылындағы №1 және 3 көтермелі сорғы станцияларын сумен жабдықтау резервуарларын салу» және «Бадамша ауылындағы Қонаев, Жангелдин, Карюк, Цыбульчик, Есет батыр, Сәтпаев көшелерін жарықтандыру»);

7) Қобда ауданы бойынша 250,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Қобда ауылындағы су бұру объектілерін реконструкциялау», «Қобда ауылындағы Құрманов көшесін жарықтандыру және Қобда ауылындағы Алматы көшесін жарықтандыру»);

8) Мәртөк ауданы бойынша 489,7 млн. теңге бөлініп, толығымен игерілді («Мәртөк ауылындағы Есет Көкіұлы көшесін жарықтандыру», «Мәртөк ауылындағы көшелерді жарықтандыру (КСХТ және Жангелдин көшелерін, Байғанин, Бөкенбай батыр көшелерін, Әуезов көшесін, Жамбыл көшесін, Мирхайдаров көшесін, Абай көшесін, Медетов көшесін, Әубәкіров көшесін, М. Мәметова көшесін, Озмитель көшесін, 312 №4 мектеп, Сейфуллин к-сі)» және «Мәртөк ауылының тротуар жолын төсеу (Есет Көкіұлы, Байғанин, Жамбыл, Әубәкіров, М. Мәметова, Ақбұлақ, Жанғалиев, Абай, Сейфуллин көшелері)»);

9) Мұғалжар ауданы бойынша 15 нысан бойынша 985,5 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Елек ауылындағы су құбыры желілері мен имараттарының құрылысы», «Ембі қаласындағы Есет батыр, З.Бралов және Ж.Амиров көшелері бойында тротуарлар мен су ағатын каналдар салу», «Қандыағаш қаласында №3 КСС алаңында 500 м³ т/б бұйымдарынан ақаба суларға арналған жерасты резервуарын салу», «Қандыағаш

қаласындағы Байғанин, Қалиев, Теміржолшылар, Жұбанов көшелеріндегі кәріз желілерін қайта жаңғырту», «Көшені жарықтандыру желісін орнату (44)», «Шынтасов көшесіндегі №3 ауланы абаттандыру», «№24,25 Достық ш/ауданы», «№49 Самал ш/ауданы», «№23,24,25,26 Молодежный ш/ауданы», «№78,79,80,81 Молодежный ш/ауданы», «№20,21,22 Молодежный ш/ауданы», «№39а, 39б. Молодежный ш/ауданы», «Байқунов көшесі №71», «№44,45 Молодежный ш/ауданы», «№37а, 37б, 38а, 38б Молодежный ш/ауданы»);

10) Ойыл ауданы бойынша 299,6 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Ойыл ауданы Ойыл ауылдық округінің Қаракемер ауылындағы сумен жабдықтау объектілерінің құрылысы»);

11) Темір ауданы бойынша 35,8 млн. теңге бөлініп, толығымен игерілді («Шұбарқұдық кәсіпшілік ауылының кәріз желілерін күрделі жөндеу»);

12) Хромтау ауданы бойынша 132,9 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Хромтау ауданы Қопа ауылдық округінің Тамды ауылындағы су құбыры желілерін қайта жаңғырту» және «Хромтау қаласының көшелерін сыртқы электрмен жарықтандыру»).

Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына 40 824,1 млн.теңге бөлінді және 40 822,5 млн.теңге игерілді, немесе 100%-ға орындалды.

Қаражат басқарма аппаратының 31 қызметкерін ұстауға 113,3 млн.теңге сомасында және ұйымдастыру техникасын сатып алуға 1,7 млн.теңге қаралды.

Ақтөбе қ. Есет Батыр көшесінде әкімшілік-тұрмыстық кешен салуға 300,0 млн.теңге және Ақтөбе қ. Ө.Сейтов көшесі,6 мекен жайындағы әкімшілік ғимаратының дене шынықтыру сауықтыру кешенінің құрылысына ЖСҚ әзірлеуге 6,9 млн.теңге бөлінді. Екі жоба да 2021 жылға өтпелі.

Үш өрт сөндіру депосының (Ақтөбе қ., Мұғалжар, Қобда) құрылысына 111,0 млн.теңге бөлініп, игерілді. Құрылыс нысандары 2021 жылға өтпелі.

Темір ауданының судан қорғау бөгетінің құрылысына 18,8 млн.теңге бөлініп, игерілді. Құрылыс бөгеті пайдалануға берілді.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерінің құрылысы және реконструкциялауға 1 882,3 млн.теңге бөлініп, игерілді.

2020 жылы 2 мектеп - Байғанин ауданының Бұлақтыкөл ауылында 100 орындық ОМ және Темір ауданы, Шұбарқұдық кенті, Астана көшесіндегі 60 орындық интернаты бар 320 орындық ОМ құрылыстары аяқталып, пайдалануға берілді.

Қалған 3 мектеп («Ақтөбе гуманитарлық колледжі» МКҚК-ның Ақтөбе қ. Есет-Батыр көшесі,73 мекен-жайы бойынша 500 орындық гардеробы және 150 орындық асханасы бар 500 орындық спорт және акт залының құрылыс жұмыстары», «Қарғалы ауданының Бадамша ауылында 70 орындық интернаты бар 300 орындық орта мектеп құрылысы» және «Темір ауданының Шұбаршы ауылында 60 орындық интернаты бар 320 орындық орта мектеп құрылысы»)

құрылысы 2021 жылға өтпелі.

Сонымен қатар, Әйтеке би ауданы Комсомол ауылында 60 орындық интернаты бар 270 орындық мектеп құрылысына ЖСҚ әзірлеуге 9,2 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді. Жоба 2021 жылға өтпелі.

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру объектілерінің құрылысы және реконструкциялауға республикалық бюджеттен 124,1 млн.теңге бөлініп, игерілді. Бөлінген қаражат Мәртөк ауданының Жайсаң көпсалалы колледжінің спорт залының құрылысына жұмсалды және нысан пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялауға 7 467,6 млн.теңге бөлініп, игерілді. (республикалық бюджеттен – 5 277,0 млн.теңге, жергілікті бюджеттен – 2 190,6 млн.теңге).

Қаржы Ақтөбе қ. кешеннің қосалқы жайларымен ауысымда 150 адам қабылдайтын консультациялық-диагностикалық бөлімшесі бар 200 төсектік облыстық перинаталдық орталық құрылысын салуға бағытталды, құрылыс нысаны 2021 жылға өтпелі.

2020 жылы 8 медициналық мекеменің (ШЖҚ «Ақтөбе медициналық орталығы» МКК балалар стационарының 4 қабатын қайта жаңарту, Ақтөбе қ. Жаңақоныс тұрғын алабы мекен-жайы бойынша ШЖҚ «Ақтөбе медициналық орталығы» МКК ғимаратының 1 қабатын қайта жаңарту және ішінара қайта жоспарлау, Ақтөбе қ. Жаңақоныс тұрғын алабы мекен-жайы бойынша ШЖҚ «Ақтөбе медициналық орталығы» МКК терапиялық және эндокринологиялық бөлімшесі үшін «Б» блогының 4 қабатын қайта жаңарту және қайта жоспарлау, «Ақтөбе медициналық орталығы» МКК 6 құрамына кіретін Ақтөбе облыстық ауруханасының 4 қабатын жаңғырту, Ақтөбе қ. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы медициналық колледж аумағындағы саябақты абаттандыру, Мәртөк ауданының Жайсаң ауылында бір ауысымда 40 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылысы, Темір ауданының Еңбекші ауылында 20 адам қабылдайтын медициналық пункт құрылысы және Хромтау ауданының Сарысу ауылында 30 адам қабылдайтын медициналық пункт құрылысы) құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 5 нысан құрылысы 2021 жылға өтпелі.

Сонымен қатар, 6 медициналық мекеме объектілерінің құрылысына ЖСҚ әзірлеуге бюджеттен 30,2 млн.теңге бөлініп, игерілді. 6 жобаның 2 жобасының қорытындысы алынды, қалған 4 жоба 2021 жылға өтпелі.

«Ақтөбе қ. 150 орындық мүгедектерге арналған оңалту орталығының құрылысы» мен «Ақтөбе қ. 300 орындық ерекше балаларға арналған арнайы балабақшаның құрылысы» жобалары бойынша ЖСҚ әзірлеуге 6,0 млн.теңге бөлінді. Екі жоба да 2021 жылға өтпелі.

Спорт нысандарын дамытуға 175,6 млн.теңге бөлініп, қаржылар Ақтөбе қ.Есет батыр көшесі «Ақтөбе көпсалалы лицей-интернаты» КММ үшін ангарлық үлгідегі спорт залының, Ақтөбе қаласындағы «Ат спорты түрлерінен №10 Облыстық балалар мен жасөспірімдер мектебі» КММ үшін физикалық мүмкіндіктері шектеулі балаларды иппотерапия әдісімен оңалту және емдеуге арналған ат қорасы бар жабық манежінің, Ырғыз ауданы Ырғыз ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің, Мұғалжар ауданы Мұғалжар ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің және Ақтөбе қаласындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған спорт кешенінің құрылыстарына ЖСҚ мен МС әзірлеуге бағытталды. Мемлекеттік сараптама қорытындысы алынды.

Мәдениет нысандарын дамытуға 190,7 млн.теңге бөлініп, игерілді. Шығындар Қобда және Темір аудандарының 150 орындық ауылдық клубтарының құрылысына бағытталып, екі нысан да пайдалануға берілді. Сонымен қатар, қаржылар 4 мәдениет саласы нысандарының құрылысына ЖСҚ әзірлеуге бөлінді, 2 жобаның қорытындысы алынып, қалған 2 жоба 2021 жылға өтпелі.

Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау нысандарын дамытуға 80,1 млн.теңге бөлініп, игерілді.

Шығындар Темір ауданының Шұбарши ауылында мал қорымы мен 3 қатты тұрмыстық қалдықтардың полигондарының (*Байғанин, Мәртөк, Қобда*) құрылысына және 3 жоба бойынша ЖСҚ әзірлеуге бағытталған.

Мал қорымы пайдалануға берілді, ал 3 қатты тұрмыстық қалдықтардың полигоны 2021 жылға өтпелі.

Шалқар ауданы Шалқар көлінің түбін тазалауға ЖСҚ әзірлеу мен МС өткізуге қаржылар бөлініп, мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды, ал Қарғалы және Темір аудандары қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жобалары 2021 жылға өтпелі.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамытуға 264,1 млн.теңге бөлініп, 262,8 млн.теңгесі игерілді. Игерілмеген 1,3 млн.теңге қаржы Алға ауданының Бестамақ а.о. орналасқан «Актеп» ЖШС суармалы сумен жабдықтау объектісін

реконструкциялау (тұрақты суару) (№1 учаске) (түзету) нысаны бойынша орындалған жұмыстардың актісі болмауына байланысты республикалық бюджеттен қалған қалдық.

Шығындар индустриялық инфрақұрылымды және бизнесті дамыту бойынша 19 нысанға бағытталып, оның ішінде 9 нысан пайдалануға берілді, қалған 10 нысан 2021 жылға өтпелі.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде республикалық бюджеттен 408,0 млн.теңге бөлініп, қаржы Темір ауданы Шұбаршы кенті Геолог көшесі мен Кеңқияқ ауылы Қ.Балуанов көшесінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы нысандарына бағытталды. Құрылыс нысандары 2021 жылға өтпелі.

Бұдан басқа, Ақтөбе қаласы мен аудандарға бөлінген 17 910,5 млн теңге трансферттер тұрғын үй, мектеп, спорт кешені құрылыстарына, газдандыруға, сумен жабдықтау және кәріз желілерін қайта жаңарту мен тұрғын үй сатып алуға, сонымен қатар, тұрғын үй құрылысына, газдандыруға, коммуналдық шаруашылықты дамытуға және сумен жабдықтау мен су бұруға ЖСҚ әзірлеуге бағытталды.

Ақтөбе қаласының кредиттік тұрғын үй құрылысына 7 000,0 млн.теңге сомасында қаражат бөлінді (өтеу мерзімі 2022 жыл). (15 тұрғын үйдің құрылысы басталды, оның ішінде 9 тұрғын үй аяқталды, 6 нысан 2021 жылға өтпелі).

2020-2021 жж. Жұмыспен қамтудың жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беруге 4 762,5 млн.теңге бөлініп, игерілді, оның ішінде:

1) Ақтөбе қаласы бойынша 3 443,6 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Нұр-Ақтөбе" тұрғын алабының №1 «Б» шағын ауданын газбен жабдықтау желілерінің құрылысы», «Ақтөбе қаласының №4 шағын ауданындағы «Нұр-Ақтөбе» көп қабатты тұрғын үй массивінің аумағында тұрғын үй салу №23 кірпіш 9 қабатты тұрғын үй (инженерлік желілер)», «Ақтөбе қаласының №4 шағын ауданындағы «Нұр-Ақтөбе» көп қабатты тұрғын үй массивінің аумағында тұрғын үй салу №23 кірпіш 9 қабатты тұрғын үй (аумақты абаттандыру және көгалдандыру)», «Ақшат - 3 кентін электрмен жабдықтау желілерін салу», «№53 орта мектепке жапсаржай салу», «Сәтпаев 13 көшесі, бойынша №23 ОМЛ-ге жапсаржай салу», «Ақтөбе қаласындағы Екпінді көшесі, 79 мекен-жайындағы №68 мектепке жапсаржай құрылысы», «Ақтөбе қаласының №13 орта мектебіне жапсаржай салу», «Ақтөбе қаласындағы іргелес ғимаратпен шаңғы роллер трассасының құрылысы», «Ақтөбе қаласы, Благодарный а.о, К. Нокина ауылы, Клубная көшесі, 1 мекен-жайындағы» Мәдениет үйін қайта жаңғырту»);

2) Әйтеке би ауданы бойынша 117,9 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Әйтеке би ауданының Комсомол ауылында қолданыстағы сумен жабдықтау желілерін қайта жаңғырту және кеңейту» және «Әйтеке би ауданының Комсомол ауылында қолданыстағы электрмен жабдықтау желілерін қайта жаңғырту және кеңейту»);

3) Алға ауданы бойынша 82,1 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Алға ауданының Алға қаласындағы Подхоз тұрғын алабының су

құбыры құрылысы»);

4) Байғанин ауданы бойынша 59,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Қарауылкелді ауылындағы «Жаңақұрылыс-1» көшесін электрмен жабдықтау» және «Қарауылкелді ауылындағы «Жаңақұрылыс-4,5» көшесіндегі су құбыры желілерінің құрылысы»);

5) Ырғыз ауданы бойынша 112,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Ырғыз ауылындағы жеке тұрғын үй құрылыстарына инженерлік-коммуникациялық (сумен жабдықтау) желілерін салу», «Ырғыз ауылындағы жеке тұрғын үй құрылыстарына инженерлік-коммуникациялық (газбен жабдықтау) желілерін салу»);

6) Мәртөк ауданы бойынша 288,4 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Саржансай ауылындағы жаңа құрылыстың кварталішілік газ құбырының құрылысы» және «Қаратоғай ауылындағы жаңа құрылыстың газ құбыры желілерінің құрылысы»);

7) Мұғалжар ауданы бойынша 17,2 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Ембі қ. Н.Бекембаев көшесінде көпфункционалды спорт алаңының құрылысы»);

8) Темір ауданы бойынша 174,7 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Шұбарқұдық кент Қызылжар-3 ш.а. су құбыры желілерінің құрылысы» және «Шұбарқұдық кентінде Қызылжар-3 ш.а. электр желілерінің құрылысы»);

9) Ойыл ауданы бойынша 143,8 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Ойыл ауылы жеке тұрғын үй құрылысын дамыту үшін су құбыры құрылысы»);

10) Хромтау ауданы бойынша 322,1 млн.теңге бөлініп, толығымен игерілді («Хромтау қаласының №22 квартал тұрғын үй кварталындағы 5 қабатты 60 пәтерлі екі үйдің ауласын абаттандыру және инженерлік желілердің құрылысы» және «Хромтау қаласының орталық паркін қайта жаңғырту»).

КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2020 жылы облыстық бағдарлама әкімшілерінің кредиторлық берешегі 70,2 млн.теңгені құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 6 523,3 млн.теңгеге азайды.

Ең көп берешек құрылыс, сәулет и қала құрылысы (45,6 млн.теңге) және мемлекеттік сатып алу (7,5 млн.теңге) басқармаларымен, полиция департаментімен (4,6 млн.теңге), білім (3,4 млн.теңге), дене шынықтыру және спорт (2,5 млн.теңге) басқармаларымен, облыс Әкімінің аппаратымен (2,4 млн.теңге), мәдениет, мұрағат және құжаттама (1,3 млн.теңге), ветеринария (1,2 млн.теңге) басқармаларымен жол берілді.

ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2020 жылы облыстық бағдарлама әкімшілерінің дебиторлық берешегі 130,2 млн.теңге, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 933,6 млн.теңгеге азайды.

Ең көп берешек кәсіпкерлік (52,1 млн.теңге), дене шынықтыру

және спорт (33,1 млн.теңге), денсаулық сақтау (22,6 млн.теңге), білім (6,6 млн.теңге) басқармаларымен, полиция департаментімен (4,5 млн.теңге), құрылыс, сәулет и қала құрылысы (3,2 млн.теңге) басқармасымен, облысӘкімінің аппаратымен (2,8 млн.теңге), жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (1,3 млн.теңге), табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу (1,0 млн.теңге) басқармаларымен жол берілді.